



Еңбекшілдер ЖАРШЫСЫ

ВЕСТИ Еңбекшілдерья

14+

● Бейсенбі, 25 маусым 2026 жыл ● № 49 (10015)

● Еркін бағамен сатылады

Аудандық газет
1935 жылдың шілде айынан бастап
шығып келеді

24 маусым – Судья және сот қызметкерлері күні Аудан әкімінің құттықтауы

Құрметті судья және сот қызметкерлері! Кәсіби мерекені белгілеудің өзіндік мәні бар. Бұл әр мамандықтың қоғамдағы орнын айқындап, мәртебесін арттыру үшін керек. Осы тұрғыдан алғанда биылғы жыл судьялар мен сот қызметкерлері үшін ерекше болғалы тұр. Себебі биылдан бастап 24 маусым – судья және сот қызметкерлері күні болып бекітілді. Жалпы, «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңның 4-бабында кәсіби және өзге де мерекелерді белгілеудің тәртібі нақтыланған. Мұндай мерекелік күндердің тізбесін ҚР Үкіметі белгілейді. Осылайша Премьер-Министр Әлихан Смайылов қол қойған 2022 жылғы 31 наурыздағы тиісті қаулыда кәсіби мерекелер тізімі жаңа күнмен толығып отыр. Заң үстемдігі мен әділеттілік қағидаттарын бекітіп, азаматтардың құқықтық қорғалуының сенімділігін қамтамасыз ететін

адами мәселелерді бірінші болып қолға алатын судьялар. Үшінші билік өкілі саналатын олар еліміздің және қазақстандық қоғамның өміріндегі терең өзгерістер кезеңінде, демократиялық және құқықтық мемлекет құру, қоғамдағы тұрақтылық пен азаматтық бейбітшілікті сақтау жолында маңызды рөл атқарады. Әйткені, біз барған сайын күрделі әлемде өмір сүріп жатырмыз. Күнделікті болсын, нарықтық қатынастар саласында болсын даулар мен жанжалдарды шешу судьядан жоғары білімді, тәжірибені және мінсіз адами және тұлғалық қасиеттерді талап етеді. Ендеше, қоғамдық теңдікті, азаматтар құқығын қорғауда елеулі үлесі бар судьялар мен сот қызметкерлерінің мерекесі құтты болсын! Сіздерді бүгінгі кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Құрметпен, Бауыржан ҚАСЕНОВ.

28 маусым – Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің күні Аудан әкімінің құттықтауы

Құрметті байланыс және ақпарат қызметкерлері! Кәсіби мерекелеріңізге орай, шын жүрегімнен шыққан жылы лебізім мен тілегімді қабыл алыңыздар. Бүгінгі кәсіби мерекелеріңіз күні, қадірлі баспасөз және электронды ақпарат құралдарының, телевидение, радио, телекоммуникация және пошта байланысы саласының қызметкерлері – баршаңызға еліміздегі мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда, қоғамдық ынтымақтастықты нығайтып, саяси тұрақтылықты сақтауда қосып келе жатқан елеулі үлестеріңіз үшін үлкен алғысымды айтқым келеді. Сіздердің әлеуметтік белсенді ұстанымдарыңыз елімізде қолға алынған прогрессивті идеялардың жүзеге асуына әрдайым елеулі ықпалын тигізуде.

Бүгінгі күні тәуелсіз Қазақстан әлемнің бәсекеге қабілетті 50 мемлекетінің қатарында дамудың қарқынды жолымен жүріп келеді және қазіргі заманның талаптарына сай әлемнің озық елдерінің санатына кіру мақсатын нақты бағдар етіп ұстануда. Сіздердің таланттарыңыз бен іскерліктеріңіз, жоғары моральдық ұстанымдарыңыз Мемлекет басшысы алға қойған биік міндеттерді жүзеге асырып, Отанымыздың гүлденіп өркендеуіне одан әрі де көмектесе береді деп сенемін. Баршаңызға шын жүректен зор денсаулық, рухани сергектік пен көтеріңкі көңіл-күй, қызықты да жемісті идеялар мен соны жүзеге асырудағы кең мүмкіндіктер тілеймін!

Құрметпен, Бауыржан ҚАСЕНОВ.



Ел мүддесіне адал қызмет – нағыз ерлік

23 маусым – Қазақстан Республикасында Мемлекеттік қызметшілер және Полиция қызметкерлерінің күні ретінде жыл сайын аталып өтетін маңызды күн. Бұл – ел игілігі үшін аянбай еңбек етіп жүрген азаматтарға құрмет көрсетіп, олардың қоғамдағы орнын айқындайтын ерекше күн. Осыған орай ауданымызда кәсіби мерекеге арналған салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Аудандық Мәдениет үйінде өткен мерекелік жиынға мемлекеттік органдардың қызметкерлері, полиция бөлімі мамандары, сала ардагерлері, мекеме басшылары мен аудан тұрғындары қатысты.

Салтанатты шара Әнуранның орындалуынан басталды. Іс-шара барысында мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған жас мамандар – аудандық экономика және қаржы бөлімінің бас маманы **Бият Аружан Мұрзабекқызы** мен Үлгі ауылдық округі әкімшілігінің бас маманы **Рақымова Айдана Жәнісқызы** ант қабылдап, халыққа адал қызмет етуге серт берді. Мерекелік жиында аудан әкімінің міндетін атқарушы Сабыров Ерсайын Теңдікұлы құттықтау сөз сөйлеп, мемлекеттік қызметкерлер мен полиция қызметкерлерінің қоғамдағы маңызды рөліне тоқталды. Ол өз сөзінде елдің тұрақты дамуы мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі сала мамандарының еңбегін жоғары бағалап, барша қызметкерлерге алғыс білдірді.

Мереке аясында өз қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізіп жүрген бірқатар мемлекеттік қызметкерлер мен полиция қызметкерлері марапатталды.

Ақмола облысы әкімі Ахметжанов Марат Мұратұлының Алғыс хатымен:

Төлегенов Арман Талғатұлы – полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің басшысы Нұрқат Тұрғанұлы

Батырқұловтың Алғыс хаттарымен:

Байзақова Гүлсін Абжанқызы – «Степняк қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы;

Жахина Нүрия Мұхаметсерікқызы – мәслихат аппаратының бас маманы;

Полиция Департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры – Мұқашев Нұрсұлтан Маратұлының атынан Алғыс хатымен:

Жәнібеков Сырымбет Жақсылықұлы – полиция бөлімінің айдауылдаушы-полицейі.

Аудан әкімі Қасенов Бауыржан Қазыбекұлының атынан Алғыс хаттармен:

Асеева Елена Алексеевна – Біржан сал ауданы сотының жетекші маманы;

Әбдірахманов Самат Кендебайұлы – полиция бөлімі қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің

учаскелік полиция инспекторы;

Бейсенов Жанат Серікбайұлы – «Макинка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы;

Габилдинова Мәржан Дюсембекқызы – «Үлгі ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы;

Қайырдов Алмас Әрмияұлы – полиция бөлімі қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы;

Қырықбесова Алмагул Серікқызы – білім бөлімінің қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі бас маманы;

Мухамедьянова Наталья Ивановна – аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімінің бас маманы;

Нарижний Игорь Валерьевич – полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары;

Нісметдінова Ақбаян Бұхарбайқызы – «Мамай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.

Жиын барысында полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Бауыржан Зейлбек сөз сөйлеп, полиция қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады. Сондай-ақ полиция саласының ардагерлері **Ералиев Ғабит Өтеубайұлы, Мирашев Жанат Даулиұлы** және **Шакиев Ерлан Сағатайұлы** да құрметке бөленіп, Алғыс хаттармен марапатталды.

Салтанатты шара мерекелік концертке ұласты. Концерттік бағдарламада «Жұлдыздар» бишілер тобының орындауындағы «Шашу» және «Лето» билері көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Сонымен қатар аудан өнерпаздары Қайыров Аязбек, Қалиев Қазбек, Секел Жанарбек және Қалхожаева Эльмира өз өнерлерін тарту етіп, мерекелік көңіл күй сыйлады.

Мемлекеттік қызмет пен құқық қорғау саласының қызметкерлеріне көрсетілген құрмет – олардың қоғам алдындағы жауапты еңбегіне берілген жоғары баға. Ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп жүрген сала мамандарына алдағы уақытта да толағай табыстар мен жаңа жетістіктер тілейміз.

Қуаныш НУРКУШЕВА.



Бірлік пен еңбектің мерекесі: Еңбекшілдер ауылының 70 жылдығы аталып өтті

20 маусым күні Еңбекшілдер ауылының тұрғындары өздерінің туған өлкесінің 70 жылдық мерейтойын салтанатты түрде атап өтті. Бұл мереке күнтізбедегі кезекті атаулы күн ғана емес, ұрпақтар сабақтастығын, тарихқа деген құрметті және туған жердің гүлденуіне үлес қосқан жандарға деген ризашылықты білдіретін үлкен той болды.

«Тарихы терең – туған ауылым» атты мерекелік шара ауылдың тумаларын, қазіргі тұрғындарын, көршілес елді мекендерден келген қонақтарды, кәсіпкерлер мен демеушілерді бір арнаға тоғыстырды. Жерлестер бұл қуанышты күнді бірге атап өтіп, туған топырақпен қайта қауышу үшін еліміздің әр өңірінен арнайы келді.

Мерейтойға дайындық мереке қарсаңында емес, әлдеқайда ертерек басталды. Ауылдың белсенді азаматтарынан құралған ұйымдастыру комитеті қаражат жинау, мерекелік бағдарламаны әзірлеу және шара өтетін алаңдарды дайындау бағытында ауқымды жұмыс жүргізді.

Мерекенің алдында ауыл тұрғындары киіз үйлер мен шатырлар орнатып, қонақтардың демалуына және спорттық жарыстар өткізуге арналған орындарды әзірлеу үшін бірлесіп еңбек етті. Ер азаматтар шаруашылық жұмыстарымен айналысса, әйелдер қауымы мерекелік дастарқан әзірледі. Әркім өз үлесін қосуға тырысты, өйткені бұл мерейтой ауыл жұртшылығы үшін ортақ мереке болды.

Таңсәріден бастап ауыл ерекше мерекелік көңіл күйге бөленді. Қонақтарды ұлттық киім киген әйелдер қауымы қарсы алып, бауырсақ, қымыз және ыстық өзбек палауын ұсынды. Әсем әуен шырқалып, айналаны шаттық пен көтеріңкі көңіл-күй кернеді. Киіз үйлерде мол дастарқандар жайылып, көуәптар мен қазақтың дәстүрлі тағамдары дайындалды. Балалар

ойын алаңдарында ойнап, алтыбақан теуіп көңіл көтерсе, үлкендер бір-бірімен қауышып, өткен күндерді еске алып, жаңалықтарымен бөлісті. Мерекенің салтанатты бөлімі ауыл тарихына арналған баяндаумен басталды. Оны Ақтас ауылы бастауыш мектебінің директоры Жанар Ғабдуллақызы Ескендірова таныстырды.

Еңбекшілдер ауылының тарихы 1954 жылдың 24 наурызынан бастау алады. Бұл – тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңі еді. Дәл сол уақытта осы өңірге алғашқы тың игерушілер келіп, кең байтақ даланы игеруге және болашақ шаруашылықтың негізін қалауға кірісті.

Алғашқы тың игерушілер қатарында Николай Денисович Жох, Михаил Иванович пен Евдокия Петровна Бредихиндер, Любовь Степановна Тарасюк, Андрей Егорович пен Надежда Фоминична Гаас, Евгения Ивановна мен Михаил Александрович Шевчук, Анатолий Михайлович пен Нина Кравец, Петр Иванович пен Мария Кузьминична Мацко болды.

Тың игерушілер далаға тіркемелі трактормен келген. Қиын жағдайда олар жаңа өмір бастап, тұрғын үйлер салып, жер игеріп, шаруашылық құрды. Болашақ «Еңбекшілдер» кеңшарының алғашқы қазығын кеңшар директоры А.Б.Жирков, соғыс ардагері П.И.Мацко және алғашқы комсомол ұйымдастырушысы В.Н.Будяка қалды.

(Жалғасы 2 бетте).





Ақ халатты абзал жандарға – ерекше құрмет

Елімізде маусым айының әр үшінші жексенбісі – адам жанына шипа беретін, жүрегі мейірімге толы, өмірді арашалайтын жандардың кәсіби мерекесі – Медицина қызметкерлері күні ретінде аталып өтеді. Бұл – нағыз ерлік пен жанкештілікті қажет ететін, үнемі жауапкершілік пен адалдықты талап ететін ең қадірлі мамандық иелеріне деген ерекше құрмет күні. Айтулы мерекеге орай аудандық мәдениет үйінде «Еңбегі адал жандар!» атты мерекелік іс-шара өтті.

Салтанатты шара барысында аудандық ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Қасымова Әсем Ерлікқызы медицина қызметкерлері мен ардагерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, медицина саласында еңбек етіп жүрген мамандар түрлі деңгейдегі алғыс хаттармен марапаттады.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Еңбек ардагері» медалімен:

Оспанова Айсұлу Ризабекқызы – Біржан сал аудандық ауруханасының медициналық статисі.

Ақмола облысының әкімі Марат Мұратұлы Ахметжановтың «Алғыс хатымен»:

Манкей Мәншүк – Біржан сал аудандық ауруханасының участкеліқ медбикесі.

Қазақстан Республикасы «Аманат» партиясының төрағасы Қошанов Ерлан Жақанұлының атынан «Мөйірім – жүректен» төсбелгісімен:

Күрішхан Баршагүл – Тасшалқар ауылының медициналық пунктінің медбикесі.

«Kazmed» кәсіподағының төрағасы Матишев Алиақпар Болатұлының Құрмет грамотасымен:

Яцкевич Наталья Александровна – аудандық аурухананың педиатриялық кабинетінің медбикесі.

Облыстық «SENIM» жергілікті кәсіптік одағының төрағасы Көхенов Серік Қабдошұлының атынан:

Мұқанова Бұлбұл Дүйсембиқызы – аудандық ауруханасының педиатр дәрігері;

Жақсыбергенов Дулат Науванұлы – аудандық аурухананың жедел жәрдем жүргізушісі;

Қабжанова Гүлжан Болатқызы – аудандық емхананың участкеліқ медбикесі;

Маркова Татьяна Николаевна – Заурал ауылының медициналық пунктінің медбикесі;

Макарова Алена Леонидовна –

орталықтандырылған зарарсыздандыру бөлімшесінің санитары.

Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ермек Нариман Ермекулының атынан алғыс хатпен:
Алпысова Шолпан Оразқызы – Андықожа батыр ауылының медбикесі;

Бекпаева Гүлнар Балтабайқызы – аудандық ауруханасының ЭКГ бөлімінің медбикесі;

Иманқұлова Ләззат Рамазанқызы – аудандық ауруханасының хирургия бөлімінің медбикесі;

Теміртасова Гүлнар Зейнетуллақызы – аудандық ауруханасының дәрігерге дейінгі кабинеттің медбикесі;

Темірғалиева Жұмабике Қамиқызы – Сәуле ауылының медициналық пунктінің медбикесі.

Аудан әкімі Қасенов Бауыржан Қазыбекұлының атынан:

Алпысова Қайша Әлімқызы – Краснофлот ауылының медициналық пунктінің медбикесі;

Велкер Ирина Андреевна – аудандық аурухананың хирургиялық бөлімшесінің санитары;

Иманбаева Гүлнар Манақмыз – Тасшалқар ауылы жалпы орта білім беретін мектебінің медбикесі;

Серікбай Диана Жанатқызы – Үлгі ауылы дәрігерлік амбулаториясының жалпы тәжіребелік дәрігері;

Смағұлова Гүлжанат Мәлікқызы – аудандық ауруханасының қабылдау бөлімінің медбикесі;

Ташикова Айгүл Жалкөкқызы – аудандық ауруханасының хирургия бөлімінің шаруашылық бикесі;

Шаманаева Елена Ивановна – аудандық аурухананың психиатриялық-наркологиялық кабинетінің медбикесі марапатталды.

Әрі қарай шара концерттік бағдарламамен жалғасып, жиналған жұртшылыққа мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Қуаныш НУРКУШЕВА.

Бірлік пен еңбектің мерекесі: Еңбекшілдер ауылының 70 жылдығы аталып өтті

(Жалғасы. Басы 1 бетте)

Жылдар өте келе ауыл өсіп, өркендей түсті. 1961 жылы теміржол құрылысы мен теміржолшыларға арналған үйлердің құрылысы басталды. 1962 жылы ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуына үлкен үлес қосқан астық қабылдау пункті ашылды. 1978 жылы алғашқы басшысы Н.М.Хатунцев болған «Казсельхозтехника» мекемесі жұмысын бастады. Ал 1982 жылы ауылда элеватор пайдалануға берілді.

Еңбекшілдер ауылының тарихы – еңбек адамдарының тарихы. Ол тек мұрағат құжаттарында ғана емес, ұрпақтар жадында, отбасылық шежірелер мен еңбек жетістіктерінде сақталған.

Ауылдың мақтанышы саналатын әулеттер қатарында Күстековтер, Хамитовтар, Қарабасовтар, Мамай, Етекбаевтар, Жүсіповтер, Асқаровтар, Краснощековтер, Құрмансейітовтер мен Байталақовтар бар. Сондай-ақ Мельник, Бурштын, Жмура, Әбділмановтар, Байделді, Данияровтар, Елубаевтар, Буц, Вяткиндер, Жалейко, Надкиндер, Фирсовтар, Гданскийлер, Баяновтар, Глушенко, Савицкийлер, Жұмановтар, Мағауовтар, Споткай, Кучеряевтер, Цепенюк пен Анафиндер әулеттері туған өлкенің дамуына ұзақ жылдар бойы адал еңбек етті. Осындай жандардың арқасында ауыл дамып, қиындықтарды еңсеріп, болашаққа нық қадам басты.

Мерейтой иелерін аудан әкімінің орынбасары Ерлан Маратұлы Хасенов құттықтап, бұл айтулы күннің бүкіл аудан үшін маңыздылығын атап өтті. Ол ауыл тұрғындарының ауызбіршілігі мен туған жердің дамуына қосқан үлесіне жоғары баға берді.

Аудан әкімі БауыржанҚасеновтің атынан бірқатар ауыл тұрғындарына ұзақ жылғы адал еңбегі, белсенді азаматтық ұстанымы және ауылдың дамуына қосқан үлесі үшін Алғыс хаттар табысталды.

Құттықтау сөз сөйлеген Еңбекшілдер ауылдық округінің әкімі Мұратбек Сыздықов ұйымдастырушыларға, демеушілерге және мерейтойды дайындауға атсалысқан барлық тұрғындарға алғысын білдірді.

Мерейтойды ұйымдастыруда ерекше еңбек сіңірген азаматтардың бірі – Алтынбек Дәуренбекұлы Қарабасовқа арнайы ризашылық сөздер айтылды. Осындай азаматтар жерлестерді ортақ мақсатқа жұмылдырып, игі бастамаларға ұйытқы болып, үлкен жобалардың жүзеге асуына мұрындық болады. Алтынбек Қарабасов, Мұратбек Сыздықов, Қаршыға Қайдаров, Дамир Крушев, Әділбек Хамитов және басқа да белсенді азаматтардың бірлескен еңбегінің арқасында мерейтой жоғары

деңгейде өтті.

Мерекенің табысты өтуіне және жарыс жеңімпаздарының лайықты марапат алуына демеушілердің қосқан үлесі зор болды. Серік Асқаров, Марат Етекбаев, Александр Мамай, Дамир Крушев, Қаршыға Қайдаров, Зауреш Аюпова, сондай-ақ «Өркен Атасор», «KazBeef LTD», «ЭкоЛюкс», «KazTexPro», «Сталь М» компаниялары қомақты қолдау көрсетті. Олар мотоциклдер, тұрмыстық техника, мерекелік асқа арналған жылқылар, бәйгеге арналған тайлар және қаржылай көмек ұсынды. Осындай қолдаудың арқасында ауқымды шара ұйымдастырылып қана қоймай, спорттық жарыстардың жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Мерейтойдың көркін қыздырған мерекелік концерт болды. Көрермендер алдында аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары мен ауыл тумасы, Астана қаласындағы «Жастар» театрының әртісі Ербол Тілеукунов өнер көрсетті. Концерттік бағдарлама туған жерге арналған әндер мен билерге, шығармашылық қойылымдарға толы болды.

Концерттен кейін барлық қонақтар мерекелік дастарқанға шақырылды. Бір дастарқан басында бірнеше буын өкілдері бас қосып, ауыл тарихын және оның негізін қалаған адамдарды еске алды.

Мерекенің жалғасы қазақ күресі, кір тасын көтеру, арқан тарту және жілік сындыру жарыстарымен өрбіді. Бұл сайыстар қатысушылар мен көрермендердің ерекше қызығушылығын тудырды.

Әсіресе әр өңірден келген шабандоздар қатысқан ат жарыстары көпшіліктің назарын аударды. Жүлделі орындар үшін тартыс қызу әрі тартымды өтті. Бас жүлделер ретінде жаңа мотоциклдер мен басқа да бағалы сыйлықтар табысталды.

Мерейтой туған жерге деген сүйіспеншілік пен ата-баба мұрасына құрметтің символына айналған әйгілі «Атамекен» әнімен қорытындыланды. Кешкісін ауыл аспанын жарқын отташу нұрландырып, мерекелік думан дәстүрлі дискотекамен жалғасты.

Жетпіс жыл – ауыл үшін жай ғана сан емес. Бұл бірнеше буынның тағдыры, еңбегі, үміті, жетістігі мен арманы. Осы жылдар ішінде Еңбекшілдер ауылы үлкен даму жолынан өтіп, ең басты байлығын – еңбекқор, жанышыр және туған жеріне адал азаматтарын сақтап қалды.

Бұл мерейтой ауыл тарихының жалғасып жатқанын тағы бір мәрте дәлелдеді. Сол тарихты енді ата дәстүрін қастерлейтін, туған өлкесін дамытуға күш салатын және өз ауылын жаңа тұтатын жаңа буын жазатын болады.

Дина АҚЫШЕВА.

Біржан сал ауданының Краснофлот ауылы әкіміне кандидаттарды тіркеу туралы Хабарлама

Біржан сал ауданының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5 бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап шешті:

1. Әкімдікке кандидаттар болып тіркелсін:

Амангелді Төлеуұлы Мешеловті, 1967 жылы туған, «Біржан сал ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің жұмылдыру дайындығы бөлімінің басшысы, Степняк қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.

Бауыржан Аманжолұлы Шәріповті, 1982 жылы туған, «Біржан сал ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы, Степняк қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.

Марат Тасболатұлы Ерхатовты, 1973 жылы туған, Біржан сал ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жеңіс» дене шынықтыру-сауықтыру кешені» МКҚК-ның спорт ғимаратының меңгерушісі, Үлгі ауылында тұрады. Өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.

Біржан сал ауданының аумақтық сайлау комиссиясы.

Ақмола облысы Біржан сал ауданының сайлау участкесінің шекарасы, участкелік сайлау комиссиясының орналасқан жері мен құрамы туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-бабының 2-тармағына, 23-бабының 5-тармағына, Біржан сал ауданының аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 10 маусымдағы «Біржан сал ауданының Краснофлот ауылының өкімін кезекті сайлауды тағайындау туралы» №80 қаулысына, Ақмола облысы Біржан сал ауданы өкімінің 2021 жылғы 8 шілдедегі №6 «Сайлау участкелерін құру туралы» шешіміне сәйкес, Біржан сал ауданының сайлау участкесінің шекарасын, участкелік сайлау комиссиясының орналасқан жері мен құрамын хабарлаймыз.

№ 249 сайлау участкесі

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Краснофлот ауылы, Краснофлот ауылының медициналық пункт ғимараты, Орталық көшесі, 6 құрылыс, тел: 8 (71639) 2-33-07.

Шекарасы: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Краснофлот ауылы.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: төрайым – Таишебаева Алтынай Төлегенқызы; **төрайымның орынбасары** – Нұрсұлтанова Айгүл Дәуренбекқызы; **хатшы** – Өтегенова Анар Мұратқызы; **комиссия мүшелері:** Алпысова Қайша Әлімқызы, Кириллова Ирина Алексеевна.

Біржан сал ауданының әкімі.

Біржан сал ауданының аумақтық сайлау комиссиясы.

Біржан сал ауданы әкімдігінің
2021 жылғы « 26 » шілдедегі
№ а-7/173 қаулысына
қосымша

Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар		
№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
1	Краснофлот ауылы	Орталық көшесі, 6 құрылыс, Краснофлот ауылының медициналық пункт ғимаратының жанындағы тақта

Сайлаушылармен кездесу үшін шарт негізінде кандидаттарға берілетін үй-жайлар

№	Елді мекеннің атауы	Сайлаушылармен кездесу үшін шарт негізінде кандидаттарға берілетін үй-жайлар
1	Краснофлот ауылы	Орталық көшесі, 6 құрылыс, Краснофлот ауылының медициналық пункт ғимараты

Сайлау алдындағы үгіт кезеңінде кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен кездесулер кестесі

№	Елді мекеннің атауы	Сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайлардың мекенжайлары	Күні
1	Краснофлот ауылы	Орталық көшесі, 6 құрылыс, Краснофлот ауылының медициналық пункт ғимараты	28.06.2026 ж. сағ. 18.00 кейін 18.07.2026 ж. сағ. 00.00 дейін

Ескерту: «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Заңының 28-бабына сәйкес 4-т.жергілікті атқарушы органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жайлар береді. Үй-жай беру шарттары барлық кандидаттар үшін бірдей және тең болуға тиіс.

Әкімге кандидаттардың назарына

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңының 28-бабы 3-тармағына сәйкес, бұқаралық ақпарат құралдары-шарттарға сәйкес – әкімге кандидаттардың сайлау алдындағы материалдарын жариялау үшін өз газет алаңдарын ұсынады. Бұл ретте БАҚ барлық кандидаттар мен саяси партияларға олардың ешқайсысына артықшылық бермей, сайлау алдындағы материалдарды жариялау үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты, «Еңбекшілдер жаршысы-Вести Еңбекшілдерья» аудандық

газетінде сайлау алдындағы материалдарды орналастыруға арналған өз прайс – парағымызды жариялаймыз, ол бейсенбі күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады және Біржан сал ауданының барлық аумағына таралады. Бір шаршы см газет алаңының құны – 110 теңге. Кандидаттардың сайлау алдындағы материалдары 100% алдын ала төленген жағдайда және олардың редакцияға түсуіне қарай кезек тәртібімен газеттің 2-бетінде жарияланады. Егер бұл жолақта жариялау үшін жеткілікті орын болмаса, онда материалдар келесі беттерде орналастырылады.

«Біржан сал ауданының мемлекеттік архиві» КММ-нің

«Архив анықтамаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі

«Архив анықтамаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет). №159 29.05.2020 жылғы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ережелері Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі. «Архив анықтамасын алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметін Қазақстан Республикасының орталық және мемлекеттік мұрағаттарынан алуға болады. Бұл қызмет түрін Қазақстан Республикасының азаматтары пайдалана алады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсырған сөттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметтің нәтижесі 11 (он бір) жұмыс күн ішінде беріледі.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;
2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

3) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) электронды символдар жиынтығы, электрондық цифрлық қолтаңба қолымен және электронды құжаттың дәлдігін растайды, ол «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалы – халыққа қызмет көрсету орталығында (ЖҚКО) рәсімделеді. Бұл қызметті пайдалану үшін пайдаланушы «Электрондық үкімет» порталында тіркелу керек және қызметті электронды түрде алу үшін электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) болуы тиіс. Қызметке онлайн тапсырыс беру. Өтінішті топтыру және ЭЦҚ-мен қол қою. Құжаттар сканерленген күйінде бекітіледі (жеке куәлік, еңбек кітапшасы, неке қию туралы куәлік).

«Архив анықтамаларын беру» мемлекеттік қызметін алу туралы сұрақтарыңыз болса, келесі телефонға хабарласыңыз: 2-11-03.

«Біржан сал ауданының мемлекеттік архиві» КММ.

• Сұхбат

Жастар және баспана: «Отбасы банк» қандай мүмкіндіктер ұсынады?

Баспана мәселесі бүгінде жастар мен жас отбасылар үшін ең өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Өз пәтерін сатып алу, балалардың болашағына қаржы жинау, жеңілдетілген несиелі алу – мұның бәрі сауатты қаржылық жоспарлауды және сенімді қолдау құралдарын қажет етеді. Бүгінде мемлекет пен «Отбасы банк» АҚ тұрғын үй мәселесін шешуге және ұзақ мерзімді жинақ қалыптастыруға бағытталған түрлі бағдарламаларды ұсынып келеді. Қазіргі таңда жастарға қандай мүмкіндіктер беріліп отырғаны, жинақ бағдарламалары қалай жұмыс істейтіні және қаржы жинауды неге өртерек бастаудың маңызды екені туралы «Отбасы банк» АҚ кеңесшісі Ақжамал Бекенова айтып берді.

– Соңғы уақытта жастар арасында Отбасы банкінің бағдарламалары жиі талқыланып жүр. Бүгінде жастар үшін қандай мүмкіндіктер бар?

– Қазіргі таңда жастар Отбасы банкінің барлық дерлік өнімдерін пайдалана алады. Олар – жинақ депозиттері, жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар және жас отбасыларды қолдауға арналған арнайы мемлекеттік жобалар. Ең танымал бағдарламалардың қатарында «Баспана», «Ұлттық қор – балаларға» және «Ақыл Келешек» депозиттері бар. Сонымен қатар «Наурыз», «Жасыл ипотека», «Ұмай», қайталама тұрғын үй нарығына арналған 50/50 және 30/70 бағдарламалары, «Әскери баспана», «Асыл мекен», сондай-ақ 2023–2027 жылдарға арналған жас ғалымдарды қолдау бағдарламасы жұмыс істейді. Банктің басты мақсаты – жастарға қаражат жинауға, қолжетімді қаржыландыру алуға және тұрғын үй жағдайын жақсартуға көмектесу.

– Бүгінде көптеген ата-аналар «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасына қызығушылық танытуда. Оның ерекшелігі неде?

– Бұл соңғы жылдардағы ең сұранысқа ие бастамалардың бірі. Бағдарлама аясында 2006 жылдан бастап дүниеге келген әрбір балаға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының инвестициялық табысынан жыл сайын белгілі бір үлес аударылады. Жиналған қаражатты бала көмелет жасына толғаннан кейін білім алуға немесе тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдалануға болады.

Көптеген ата-аналар бұл қаражатты Отбасы банкіндегі депозитке аударуды жөн көреді. Себебі мұндай жағдайда оған қосымша мемлекеттік сыйлықасы мен банктің сыйақысы есептеледі. Осылайша баланың болашағына ерте жастан қаржылық негіз қаланады. Жылдар бойы жиналған салыстырмалы түрде аз қаражаттың өзі жоғары оқу орнына түсу немесе жеке баспана сатып алу кезінде үлкен қолдау бола алады.

– «Ақыл Келешек» бағдарламасы туралы айтып берсеңіз.

– Бұл бағдарлама балаларды қолдауға және олардың болашақ білімі үшін қаржылық қор қалыптастыруға бағытталған. Егер депозит бес жасар балаға ашылса, мемлекет 60 айлық есептік көрсеткіш көлемінде бастапқы білім беру капиталын береді. Биыл бұл сома 235 мың теңгеден асады. Бұдан бөлек, жинаққа банктің сыйақысы мен жыл сайынғы мемлекеттік сыйлықақы қосылады.

Тұрақты жарналар енгізілген жағдайда бала көмелетке толған кезде 8-10 миллион теңгеге дейін қаражат жинауға мүмкіндік бар. Бұл қаржыны колледжде немесе жоғары оқу орнында білім алуға, қосымша білім алуға, кейбір жағдайларда тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдалануға болады.

– Көптеген жас отбасылар



«Баспана» депозитіне қызығушылық танытады. Оның артықшылықтары қандай?

– Негізгі артықшылығы – депозитті кез келген азамат жасына қарамастан аша алады. Тіпті жаңа туған сәбиге де рәсімдеуге мүмкіндік бар. Әсіресе отбасылық депозиттер пакетін ашу тиімді болып саналады. Әрбір қатысушы мемлекеттік сыйлықақы алады, ал кейіннен жақын туыстардың жинақтарын ипотекалық несиелік ретінде біріктіруге болады. Бұл тұрғын үй сатып алу кезінде отбасының мүмкіндігін айтарлықтай арттырып, бастапқы жарнаны тезірек жинауға көмектеседі. Көптеген отбасылар мұндай жүйені баспаналы болудың ұзақ мерзімді стратегиясы ретінде қарастырады.

– Бүгінде тұрғын үйге мұқтаж ретінде кезекке кімдер тұра алады?

– Қазіргі уақытта тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою Отбасы банк арқылы жүзеге асырылады. Егер Қазақстан азаматының соңғы бес жыл ішінде жеке баспанасы болмаған болса, ол өтініш беріп, тұрғын үйге мұқтаж ретінде кезекке тұра алады.

Жастар 18 жастан бастап электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, электрондық сервистер арқылы өз бетінше өтініш беріп, жеңілдетілген несиелеу бағдарламаларына қатыса алады. Бұл тұрғын үй мәселесін алдын ала жоспарлауға және мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

– Өртүрлі санаттағы азаматтарға арналған жеңілдетілген ипотека шарттары туралы толығырақ айтып өтсеңіз.

– Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жылдық мөлшерлемесі 2 пайыз болатын жеңілдетілген тұрғын үй несиелері қарастырылған. Бұл санатқа көпбалалы отбасылар, жетім балалар, мүгедектігі бар азаматтар, ерекше қажеттілігі бар балаларды

тәрбиелеп отырған отбасылар, ардагерлер және мемлекеттің ерекше қолдауын қажет ететін басқа да азаматтар кіреді.

Қалған кезекте тұрған азаматтар үшін жылдық 5 пайыздық мөлшерлемемен несиелеу бағдарламалары жұмыс істейді. Бағдарламаға қатысудың негізгі шарттарының бірі – Отбасы банкте депозиттің болуы және тұрғын үй құнының кемінде 10 пайызы көлемінде бастапқы жарна жинақтау. Сонымен қатар аудан тұрғындары тек өз елді мекеніндегі бағдарламаларға ғана емес, облыстың басқа да қалалары мен елді мекендеріндегі тұрғын үй бағдарламаларына қатысуға өтініш бере алады.

– Жастар мен жас отбасыларға қандай тілек айтар едіңіз?

– Ең алдымен, қаржы жинауды кейінге қалдырмауға кеңес берер едім. Көпшілік жинақты тек жоғары табыс болған кезде ғана бастауға болады деп ойлайды. Алайда тәжірибе керісінше екенін көрсетеді. Тіпті аз мөлшердегі, бірақ тұрақты түрде салынатын жарналардың өзі уақыт өте келе қомақты капитал қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бүгінде мемлекет жастарға баспана алуға және білім алуға кең мүмкіндіктер ұсынып отыр. Ең бастысы – осы мүмкіндіктерді дер кезінде пайдаланып, ұзақ мерзімді қаржылық жоспар құра білу.

Жеке баспана – тек шаршы метрлер ғана емес. Ол – ертеңгі күнге деген сенім, отбасының тұрақтылығы және болашақ дамудың негізі. Сондықтан Отбасы банк бүгінде жас қазақстандықтарды қолдайтын маңызды институттардың бірі ретінде олардың өз үйі туралы армандарын кезек-кезеңімен жүзеге асыруға көмектесіп келеді.

Қосымша сұрақтар бойынша 8 (777) 869 04 69 телефоны арқылы хабарласуыңызды сұраймын.

Сұхбаттасқан Дина АҚЫШЕВА.

Суда абай болыңыз!

Суға шомылу маусымы кезінде су нысандарында қайғылы жағдайды болдырмау мақсатында балаларды өз еркімен су жағалауларына жібермеу қажет екенін ескертеміз! Алайда, су айдындарына жақын орналасқан тұрғындар қауіпсіздік шараларын елемей, судағы қауіпсіздік шараларын елемей адам өміріне қауіпті екенін, белгіленбеген орындарда шомылуға болмайтындығы туралы балаларға үнемі ескертіп отыру қажет. Шын мәнінде сұқоймаларында демалушылардың қауіпсіздігі құтқарушыларға байланысты.

Суға батып кетушілердің санын арттырып тұрған статистиканы бәсеңдету үшін және өз жаныңызды аман сақтап қалу үшін не істеу керек? Қандай ережелер мен қағидаларды білген жөн? Суда шомылудың қауіпсіздік шаралары:

1. Суға тек қана рұқсат етілген орындар мен

жағажайларда шомылыңыздар.

2. Суға шомылатын жерді, жалпы жағдайды судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз.

3. Тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаңыз.

4. Өте ұзақ шомылмаңыз, өзіңізді шаршауға және тоңып қалтырауға дейін жеткізбеңіз.

5. Суға түскенде бір-біріңізді және балаларды көзден таса қылмаңыз.

6. Қоршау белгілерінен тысқары аумаққа шықпаңыз.

7. Техникалық ескерту белгілерінің және басқалардың үстіне шығушы болмаңыздар.

Есте сақтаңыздар! Судағы апаттан қорғандың ең сенімді жолы - суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау.

Біржан сал ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.



Балалардың терезеден құлауы: қайғылы жағдай болмас үшін не істеу керек?

Көп жағдайда балалардың құлауы олардың ата-анасының қарауынсыз қалуы себебінен орын алады. Қасіреттің алдын алу үшін, құтқарушылар кішкентай балаларды жалғыз қалдырмауға кеңес береді. Сонымен бірге барлық жинақтарды бала терезе алдына шыға алмайтындығын етіп, терезе жанынан алшақ қоюды ұсынады.

Терезедегі москиттік торларға сенбеу керек. Олар құлаудан сақтауға арналмаған. Керісінше, москиттік тор қайғылы жағдайдың орын алуына әкеліп соғады, балалар москиттік торларды қауіпсіз деп ойлайды және терезеге сүйенгендей сол торларға сүйенеді. Ең сапалы тордың өзі баланың салмағы мен қысымды көтере алмайды.

Егер баланың бөлмеде болса, терезені және балкон есігін ашпаңыз. Жоғарғы желдеткіштерді немесе тік желдету режимін пайдаланыңыз. Бала терезені өз еркімен аша алмау үшін терезеге арнайы бекіткіштер орнату қажет. Егер сіз баланың терезеден бір нәрсе көрсететін болсаңыз, оны мықтап ұстаңыз, баланың шұғыл қимылдарына дайын болыңыз, алақанды құрғақ ұстаңыз, баланы киімінен ұстамаңыз.

Балалар үйде болғанда бірінші кезекте олардың ата-анасына қауіпсіздік қағидаларын сақтау керек. Әрбір ата-ана баланың терезеден немесе балконнан құлауының қауіп-қатерін азайтуға арналған шараларды білуі қажет.

1. Үйде кішкентай бала болса, терезені ашық қалдырмаңыз, себебі назарыңызды бірнеше секундқа басқа жаққа аударсаңыз болғаны, ол

бала өміріндегі соңғы сәтке айналуы немесе мүгедек болып қалуы мүмкін.

2. Терезені тиісті қорғаусыз москит торларын қолданбау - балалар сенімді тірек ретінде қабылдай отырып, оларға сүйенуді жақсы көреді, содан кейін олармен бірге сыртқа құлайды.

3. Баланың өздігінен терезені ашуына кедергі келтіретін қауіпсіздік құлыпын орнатыңыз.

4. Баланың терезе астына кірмеуі және төмен түспеуі үшін терезе жанына жиһаз қоймаңыз.

5. Балкон немесе бөлме аралық шыны есіктердің жанында жинау барысында заттарды ретсіз қойға болмайды, себебі бала сүрініп, жарақат алуы мүмкін.

6. Балаларға қауіпсіздік сабақтарын үйрету. Ересек балаларды кішілерге қарауға үйрету.

7. Балаларға қауіпсіздік сабақтарын оқыту маңызды. Ересек балаларды кішкентай балаларға қарауды үйретіңіз.

8. Терезенің астына жасыл көшеттер отырғызу, әсіресе, егер сіз жеке үйде тұрсаңыз, онда баланың терезеден түскен жағдайда қонуды жеңілдетеді.

9. Терезелерге баланың өз бетінше терезесін ашуға кедергі келтіретін кілт бар блокираторлар немесе терезе тұтқаларын орнату.

Балаларға қауіпсіздік сабақтарын үйретіңіз. Балалардың үлкендерін өзінен кішілеріне қарауға үйретіңіз.

Біржан сал ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

Қоғамдық тыңдаулар

Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Аңғал батыр ауылдық округі, Жаңалық ауылында орналасқан «Invest Mining Group» ЖШС-нің кенді қайта өңдеу және байыту өндірістік кешені бойынша Қоршаған ортаға әсер ету Рұқсатын алуға арналған өтініш материалдары (РШН) жобасы, ҚББ, ӨЭББ, ҚОҚШЖ) бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Тыңдау өткізу күні, уақыты және орны: **11.08.2026 ж., сағат 16:30-де**, Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Аңғал батыр ауылдық округі, Жаңалық ауылы, Жамбыл көшесі, 8-үй (әкімдік ғимараты).

Жоба тапсырыс берушісі: «Invest Mining Group» ЖШС-і, мекенжайы: Шымкент қаласы, Самал-2 шағынауданы, 125-үй, 82, БСН 201240027815, тел.: +7 701 354 77 00.

Ықтимал әсер туралы есепті әзірлеуші: ТОО «ЦНИ и ЭЭ "KazEcoHolding"» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қ., Абай ауданы, Мангелыдина көшесі, 37-үй, 38-пәтер, БИН: 190140011749, e-mail: ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7 700/ 423-29-82

Қоғамдық тыңдаулар

Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Аңғал батыр ауылдық округі, Жаңалық ауылында орналасқан «Invest Mining Group» ЖШС-нің кенді қайта өңдеу және байыту өндірістік кешені бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлерді бағалау (ҚОӘБ) жөніндегі есеп жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Тыңдау өткізу күні, уақыты және орны: **11.08.2026 ж., сағат 15:00-де**, Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Аңғал батыр ауылдық округі, Жаңалық ауылы, Жамбыл көшесі, 8-үй (әкімдік ғимараты).

Жоба тапсырыс берушісі: «Invest Mining Group» ЖШС-і, мекенжайы: Шымкент қаласы, Самал-2 шағынауданы, 125-үй, 82, БСН 201240027815, тел.: +7 701 354 77 00.

Ықтимал әсер туралы есепті әзірлеуші: ТОО «ЦНИ и ЭЭ "KazEcoHolding"» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қ., Абай ауданы, Мангелыдина көшесі, 37-үй, 38-пәтер, БИН: 190140011749, e-mail: ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7 700/ 423-29-82

Жобалық құжаттамамен танысу www.ndbecology.gov.kz

Жобалық құжаттамамен танысу www.ndbecology.gov.kz порталынан қарауға болады. Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: ecocentre2018@mail.ru тел. +7700 423 29 82.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: , Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89-үй, e-mail: upr.expertiza@mail.ru тел: 8 (7162) 40-28-07.

Zoom конференциясына қосылу үшін сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/2488272026?pwd=JwK-R9YzTYMeCQB1d0aPW7KIUwGb6jq.1>

Конференция идентификаторы: 248 827 2026 Кіру коды: 123456.

Географиялық координаттары: 53°16'54.23"с.ш., 70°58'18.26"в.д.

Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Аңғал батыр ауылдық округі, Жаңалық ауылында орналасқан «Invest Mining Group» ЖШС-нің кенді қайта өңдеу және байыту өндірістік кешені бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлерді бағалау (ҚОӘБ) жөніндегі есеп жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Тыңдау өткізу күні, уақыты және орны: **11.08.2026 ж., сағат 15:00-де**, Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Аңғал батыр ауылдық округі, Жаңалық ауылы, Жамбыл көшесі, 8-үй (әкімдік ғимараты).

Жоба тапсырыс берушісі: «Invest Mining Group» ЖШС-і, мекенжайы: Шымкент қаласы, Самал-2 шағынауданы, 125-үй, 82, БСН 201240027815, тел.: +7 701 354 77 00.

Ықтимал әсер туралы есепті әзірлеуші: ТОО «ЦНИ и ЭЭ "KazEcoHolding"» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қ., Абай ауданы, Мангелыдина көшесі, 37-үй, 38-пәтер, БИН: 190140011749, e-mail: ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7 700/ 423-29-82

Жобалық құжаттамамен танысу www.ndbecology.gov.kz

Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: ecocentre2018@mail.ru тел. +7700 423 29 82.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: , Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89-үй, e-mail: upr.expertiza@mail.ru тел: 8 (7162) 40-28-07.

Zoom конференциясына қосылу үшін сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/2488272026?pwd=JwK-R9YzTYMeCQB1d0aPW7KIUwGb6jq.1>

Конференция идентификаторы: 248 827 2026 Кіру коды: 123456.

Географиялық координаттары: 53°16'54.23"с.ш., 70°58'18.26"в.д.



Жас түлектерге – ақ жол!

Он бір жыл бойы мектеп қабырғасында үздік білім алып, ата-анасы мен ұстаздарының мерейін үстем еткен мектеп бітіруші түлектер – ауданымыздың ғана емес, еліміздің де мақтанышы. Олардың әрқайсысынан ел-жұрты үлкен үміт күтеді.

Биыл аудан бойынша мектеп бітірген 93 түлектің ішінен 5 оқушы «Алтын белгіге», ал 12 түлек «Ерекше үлгідегі аттестатқа» үміткер болып, барлығы өз білімдерін лайықты деңгейде дәлелдей алды. Бұл – шәкірттердің табандылығы мен еңбекқорлығының, сондай-ақ сапалы білім мен саналы тәрбие берген ұстаздардың қажырлы еңбегінің және перзенттеріне әрдайым қолдау көрсеткен ата-аналардың сенімінің жемісі.

Жүзден жүйрік шығып, білім додасында топ жарған түлектер үшін де, олардың ата-аналары мен ұстаздары үшін де бұл ерекше қуанышқа толы тарихи сәт болды. Әрбір жас түлектің жүрегінен мақтаныш сезімі кернеп, мектеппен қоштасу кеші олардың өміріндегі ең жарқын естеліктердің біріне айналды. Биылғы түлектер халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі білім, ғылым, спорт және шығармашылық сайыстарда жоғары нәтижелер көрсетіп, ауданымыздың білім саласындағы беделінің артуына зор үлес қосты.

Халқымыз «Әдепті бала – ауылдың абыройы, ақылды бала – алты Алаштың абыройы» деп бекер айтпаған. Бүгінде өскелең ұрпаққа сапалы білім мен өнегелі тәрбие беру мақсатында мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалуда. Жаңа мектептер салынып, білім беру ұйымдары заманауи технологиялармен және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп келеді. Ұстаздардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды бастамалар да жүзеге асырылуда.

Осындай игі істердің нәтижесінде білімді де бәсекеге қабілетті жас ұрпақ қалыптасып келеді. Маусым айының 18-і күні еліміздің барлық өңірінде мектеп бітіруші түлектерге аттестат табыстау рәсімі салтанатты жағдайда өтті. Шара барысында түрлі деңгейдегі олимпиадалар мен байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері марапатталып, олардың жетістіктері ерекше аталып өтті. Біздің

ауданымыздың мақтанышына айналған «Алтын белгі» иегерлері қатарында Степняк қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебінің түлегі Нұрқушев Даниел, Макинқа ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің түлектері Маратұлы Саян мен Марков Антон, Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебінің түлегі Тұрымбетова Дана және Сәуле ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің түлегі Ысқақова Даяна бар. Олардың жетістігі – үздіксіз ізденіс пен тынымсыз еңбектің нәтижесі. Салтанатты шараға қатысқан ата-аналар да балаларының қуанышына ортақтасып, ақ тілектерін арнап, ақ баталарын берді.

Айта кетейік, 2025-2026 оқу жылында Ақмола облысы бойынша 6 699 оқушы мектеп бітірді. Оның ішінде 441 түлек «Алтын белгі» төсбелгісіне ие болса, 527 оқушы ерекше үлгідегі аттестатқа қол жеткізді. Бұл көрсеткіштер өңірдегі білім саласының жоғары деңгейде екенін айқын аңғартады.

Ұлт мақтанышы Мағжан Жұмабаев жырлаған жалынды жастар – бүгінгі түлектер. Олардың арманы мен мақсаты – білім алып, елінің өркендеуіне өз үлестерін қосу. Ол үшін талмай ізденіп, үздіксіз еңбектену қажет. Сонда алынбайтын асу, бағынбайтын белес болмайды. Бүгінде Қазақстанның атын әлемге танытып жүрген жастар аз емес. Мектеп бітіруші түлектердің арасында шетелдік жоғары оқу орындарының гранттарын жеңіп алған дарынды жастар да бар. Сонымен қатар халықаралық және республикалық байқауларда топ жарып жүрген түлектер қатары жыл сайын артып келеді. Ендеше, бүгінгі жас түлектердің де болашақта ел мерейін үстем етіп, Тәуелсіз Қазақстанның дамуына өзіндік үлес қосарына сенім мол. Жас түлектерге ақ жол, жарқын болашақ және биік белестер тілейміз!

Қуаныш НУРКУШЕВА.

Дала және орман алқаптарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Өрт жағдайларын болдырмау үшін халыққа өрт қауіпсіздігі қағидаларының мынадай талаптарының сақталуын қамтамасыз ету қажет:

- далада және орманда құрғақ шөпті өртемеңіз;
- жерге, құрғақ шөпке темекі тұқылдары мен сіріңкелерді тастамаңыз;
- балалардың кез-келген отпен ойнауын тоқтатыңыз;
- ауылдық жерлердегі тұрғындарға әрқайсысында тұрғын үй құрылысының маңында сумен толы резервуарға және бастапқы өрт сөндіру құралдарға ие болуға ұсынылады;
- жұмыс істеп тұрған ішкі жану қозғалтқыштардың резервуарларына жанармай құймаңыз, жұмыс істеу үшін қозғалтқыш пен ұшқын сөндіргіш жүйесі

ақаулы бар жабдықты шығармаңыз, жанармай құятын машиналардың жанында темекі шекпеңіз және ашық отты пайдаланбаңыз;

- күн сәулесімен жарықтандырылған жерде шыны ыдысты немесе шыны сынықтары қалдыруға болмайды.

Құрметті Біржан сал ауданының тұрғындары, ТЖ бөлімі ескертеді, орман және дала алқаптарында өрт қауіпті кезеңде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаңыз, сіріңке, темекі тұқылды тастамаңыз, от жағуға болмайды, табиғатты қорғаңыз.

Өрт анықталған жағдайда «101», «112» телефондары бойынша өртке қарсы қызметке, орман шаруашылығы қызметкерлеріне, жергілікті атқарушы органдарға дереу хабарлаңыз.

Біржан сал ауданының ТЖБ.

• Судья және сот қызметкері күніне орай

Мамандыққа адалдықтың жарқын үлгісі



Әр мамандық адамнан белгілі бір қасиеттерді талап етеді. Ал сот жүйесіндегі қызмет қашанда ең жауапты әрі мәртебелі салалардың бірі болып саналады. Заң талаптарының қатаңдығы, құжаттардың молдығы мен күнделікті қарбалас жұмыстың артында соттардың тиімді қызметін қамтамасыз етіп, азаматтардың әділ сотқа деген сенімін нығайтып жүрген жандар тұр. Осындай білікті мамандардың бірі – Ақмола облысы Біржан сал аудандық соты әкімшісінің басшысы **Нүриле Абзалиденқызы Берсұғурова**. Ол өмірінің отыз жылдан астам уақытын сот жүйесіне арнады.

Нүриле Абзалиденқызы 1967 жылғы 21 наурызда Степняк қаласында дүниеге келген. Балалық шағы туған өлкесінде өтіп, оның бойында еңбекқорлық, жауапкершілік, адалдық және адамдарға құрмет сияқты өмірлік құндылықтар қалыптасты. Степняк қаласындағы №1 орта мектепті тәмамдағаннан кейін білімін жалғастырып, Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын Нүриле Абзалиденқызы 1985 жылы бастады. Бұл кезең оның кәсіби тұрғыдан қалыптасып, алғашқы тәжірибе жинақтаған шағы болды. Дегенмен, оның өмірлік таңдауы мен шынайы кәсібі сот жүйесімен тығыз байланысты еді.

1995 жылдың желтоқсан айында ол аудандық сотқа хатшы-машинист қызметіне қабылданып, қатар курьер міндеттерін де атқарды. Осы сәттен бастап оның сот жүйесіндегі ұзақ әрі жемісті еңбек жолы басталды. Жауапкершілігі мол қызметте ол өзін тәртіпті, сенімді әрі өз ісіне ұқыпты қарайтын қызметкер ретінде көрсетті. Қандай тапсырма жүктелсе де, оны сапалы әрі уақытылы орындап отырды.

Жылдар өте келе білімін жетілдіріп, мол тәжірибе жинақтаған Нүриле Абзалиденқызы қызмет сатысымен сенімді түрде жоғарылады. 2002 жылы аудандық соттың жетекші маманы лауазымына тағайындалды. Бұл қызмет одан заңнаманы терең білуді, ұйымдастырушылық қабілетті және жоғары жауапкершілікті талап етті. Өзінің кәсібиілігінің арқасында ол жүктелген міндеттерді абыроймен атқарып,

әріптестері мен басшылықтың құрметіне ие болды.

2005 жылдан 2011 жылға дейін аудандық сот кеңсесінің меңгерушісі қызметін атқарды. Сот кеңсесінің жұмысы сот қызметінің маңызды бөлігі болып табылады, өйткені дәл осы бөлімде сот ісін жүргізудің сапалы ұйымдастырылуы, құжаттардың сақталуы және процесстік талаптардың уақытылы орындалуы қамтамасыз етіледі. Нүриле Абзалиденқызының басшылығымен кеңсе жұмысы әрдайым жоғары деңгейдегі тәртіппен, ұйымшылдықпен және сапалы орындаумен ерекшеленді.

Көпжылдық тәжірибесі, кәсіби біліктілігі және мінсіз беделі оның одан әрі қызметтік өсуіне негіз болды. 2023 жылдың мамыр айынан бастап Нүриле Абзалиденқызы Ақмола облысы Біржан сал аудандық соты әкімшісінің басшысы қызметін атқарып келеді. Бұл жауапты лауазымда ол сот қызметін тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз етіп, аппарат қызметкерлерінің жұмысын үйлестіреді және сот төрелігінің сапалы жүзеге асырылуына қажетті жағдайлар жасайды.

Еңбек жолында Нүриле Абзалиденқызы өзін жоғары кәсіби деңгейі мен ұйымдастырушылық қабілеті бар білікті маман ретінде танытты. Ол өз ісіне жауапкершілікпен қарайды, әрбір мәселеге мұқият назар аударады, өзіне талап қоя біледі және айналасындағы адамдарға құрметпен қарайды. Оның кәсібиілігі, адалдығы мен принципшілдігі сот жүйесіндегі еңбек жолын енді бастаған жас қызметкерлерге үлгі болып келеді.

Оның еңбегі бірнеше мәрте лайықты бағаланды. Әр жылдары Ақмола облысы бойынша Соттар әкімшісінің Алғысхаттарымен, Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Алғыс хатымен марапатталды. Көпжылдық мінсіз қызметінің айрықша бағасы ретінде 2021 жылы Қазақстан Республикасы Соттар әкімшілігінің «Мінсіз қызметі үшін» III дәрежелі медалімен наградталды. Бұл марапаттардың әрқайсысы оның жоғары кәсібиілігінің, жауапкершілігінің және таңдаған ісіне адалдығының айқын дәлелі болып табылады.

Нүриле Абзалиденқызының өмірі тек кәсіби жетістіктермен ғана шектелмейді. Ұзақ жылдар бойы бірге еңбек еткен сот ұжымы ол үшін туған отбасындай жақын ортаға айналды. Әріптестері оны ашық мінезі, мейірімділігі, әділдігі және қиын сәтте қолдау көрсете білу қасиеттері үшін ерекше құрметтейді.

Қызметінің жауапкершілігі мен қарбаласына қарамастан, Нүриле Абзалиденқызы ең қымбат құндылығы – отбасына уақыт бөлуді ұмытпайды. Ол аяулы ана, екі немеренің қамқор әжесі. Отбасы оның өміріндегі сенімді тірегі, шабыт пен күш-қуаттың қайнар көзі болып табылады.

Сот жүйесіндегі отыз жылдан астам еңбек – бұл жай ғана еңбек өтілі емес. Бұл – өз ісіне адалдықтың, тынымсыз еңбектің, кәсіби дамуға ұмтылыстың және қоғам игілігі жолындағы қызметтің жарқын көрінісі. Нүриле Абзалиденқызы секілді мамандар мемлекеттік қызметтің жоғары кәсіби стандарттары мен өз ісіне деген шынайы адалдықтың үлгісі болып табылады.

Судья және сот қызметкері күні қарсаңында Біржан сал аудандық сотының ұжымы Нүриле Абзалиденқызына көпжылдық адал еңбегі, жоғары кәсібиілігі және сот жүйесінің дамуына қосқан зор үлесі үшін шынайы алғысын білдіреді. Оған зор денсаулық, отбасылық амандық, бақ-береке, жаңа жетістіктер мен кәсіби қызметінде толағай табыстар тілейміз.

Дина АҚЫШЕВА.

Біржан сал ауданының прокуратурасы назарларыңызға салады!

Соңғы кездері алаяқтық қылмыстары, соның ішінде интернет және байланыс құралдары арқылы жасалынатын интернет-алақтық қылмыстары қоғам ішінде белең алуда.

Сақ болыңыз:

- Алаяқтар өздерін құқық қорғау органдарының, мемлекеттік органдардың және банктің қызметкерлері ретінде таныстырады және сізден банк картасы туралы мәліметтер,

PIN-кодтар немесе SMS-кодтарды сұрайды.

- Есіңізде болсын, мемлекеттік, банктік қызметкерлер ешқашанда сіздің банк картаныңыздың мәліметтерін және шотыңыздағы ақшаны аударуды сұрамайды.

- Сондай-ақ, күдікті сілтемелерді қарамаңыз және қосымшаларды ұялы телефоныңызға орнатпаңыз. Өзіңізді қорғаңыз және жақындарыңызды сақтаңыз.

Қадірлі Біржан сал ауданының тұрғындары!

Біржан сал ауданы – тарихы терең, тағылымы мол өңір. Осы қасиетті топырақта талай елге танымал тұлғалар дүниеге келіп, туған өлкесінің руханиятына өлшеусіз үлес қосты. Солардың бірі – 90 жылдық тарихы бар, талай буынның шежіресін сақтап, өңір тынысын жеткізген «Еңбекшілдер жаршысы»-Вести Еңбекшілдерья газеті.

